

"Бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанолаға, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 173 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 13 қарашадағы № 959 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанолаға, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 173 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) дизель отынына, газохолға, бензанолаға, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелері мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8-жолмен толықтырылсын:

"

8.	Бензанола өндірушілердің акциз төленген бензин мен отандық өндірістің биоэтанолаын компаундирлеу арқылы өндірілген бензанолады көтерме саудада өткізуі	0	0	3 000
----	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---	---	-------

"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов